

> РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА ПО СТРОИТЕЛЬСТВУ МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА В ПОРТУ КУРЫК ПОЗВОЛИТ УСИЛИТЬ ТРАНЗИТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАЗАХСТАНА, ПОВЫСИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ ТМТМ И СОЗДАТЬ ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ПРИВЛЕЧЕНИЯ ГРУЗОПОТОКОВ МЕЖДУ АЗИЕЙ И ЕВРОПОЙ.

Асет ТУЯКБАЕВ,
директор департамента проектов
АО «НК «Kazakh Invest»


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№5 (3152)
23/01/2026


## АЛМАТЫНЫҢ БАС ҚАҚПАСЫ ЖАҢАРУДА

**Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бүкіл ел бойынша теміржол вокзалдарын қайта құру мен жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын іске асыруға кірісті. Алматы-1 теміржол вокзалы – осы бағдарламаның негізгі нысандарының бірі.**

**Лаура ТАСБОЛАТОВА,**
Алматы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру және теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларды орындау аясында қазіргі уақытта жөндеу және жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқан Алматы-1 теміржол вокзалына барды.

Басқарма төрағасы нысанның ағымдағы жай-күйімен танысып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын және вокзал инфрақұрылымының негізгі элементтерінің дайындық деңгейін бағалады.

Тексеру қорытындысы бойынша Талғат Алдыбергенов жөндеу және құрылысты жүргізуге жауапты мердігер ұйымдар тарапынан анықталған кемшіліктерді, кейбір жұмыстардың нашар ұйымдастырылғанын атап өтті. Жұмыстың ағымдағы қарқыны мен сапасы белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес келмейтіні айтылды.






Анықталған кемшіліктерге байланысты басқарма төрағасы Алматы-1 вокзалындағы жұмысты күшейтуді және жандандыруды, мердігерлердің қосымша ресурстарын жұмылдыруды, мерзімдер мен сапа стандарттарының сақталуын қатаң қадағалауды, сондай-ақ жобаны іске асыруды ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Құрылыс алаңындағы қауіпсіздік, мердігер ұйымдардың іс-қимылдарын үйлестіру және жұмыс жүргізу кезеңінде жолаушылар үшін қолайсыздықты азайту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Алматы-1 вокзалын реконструкциялау жолаушылар аймақтарын жаңартуды, инженерлік жүйелерді жаңғыртуды, ғимараттың энергия тиімділігін арттыруды, заманауи навигациялық жабдықтарды енгізуді және тұрғындардың қимыл-қозғалысы төмен топтары үшін қолжетімділікті жақсартуды көздейді.

Жобаны іске асыру сервис деңгейін арттыруға, жолаушылар үшін қолайлы және қауіпсіз орта құруға, сондай-ақ қаланың және тұтастай елдің көлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

## СПЕЦПОЕЗД В СИАНЬ

**Из Казахстана в Сиань прибыл специальный поезд с сельхозпродукцией в рамках международных железнодорожных грузовых перевозок Китай – Европа.**

Контейнерный состав, груженный зерном, маслом, медом и другими видами сельхозпродукции из Казахстана, прибыл 21 января в индустриальный парк зерновой компании «Айцзюй», расположенный в городе Сиане провинции Шэньси на северо-западе Китая.



На сегодня КНР является крупнейшим торговым партнером Казахстана. При этом в последние годы наблюдается увеличение экспортной номенклатуры в сфере сельского хозяйства. В настоящее время более 1 700 казахстанских сельскохозяйственных предприятий имеют право на экспорт своей продукции в Китай.

Специальный грузовой поезд с товарами из Казахстана, отправленный в рамках железнодорожных перевозок Китай – Европа, будет способствовать расширению ассортимента продовольственной продукции в Китае в период празднования традиционного китайского Нового года по лунному календарю, сообщает портал «Синьхуа».

На сегодняшний день поезда между КНР и РК курсируют через КПП Алашанькоу и Хоргос. При этом через Алашанькоу проходит 128 железнодорожных маршрутов грузоперевозок Китай – Европа/Центральная Азия, которые связывают Китай с 21 страной, включая Германию и Польшу, через КПП Хоргос – 90 маршрутов, охватывающих 18 стран.

*Любовь РОВБА*
*Фото Russian.news.cn*



**Абдулхамит ТҰРМАНТАЕВ,**
Сексеуіл станциясының бастығы:

**«БІЗДІҢ БҮГІНГІ ЖЕТІСТІГІМІЗ – ЕСЕП ҮШІН ЖАСАЛҒАН КӨРСЕТКІШ ЕМЕС, МАҢДАЙ ТЕРМЕН КЕЛГЕН НӘТИЖЕ. ӘР ВАГОННЫҢ ДЕР КЕЗІНДЕ ҚОЗҒАЛЫСҚА ШЫҒУЫ, ӘР ПОЙЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗ ҚАБЫЛДАНЫП-ЖӨНЕЛТІЛУІ – СЕКСЕУІЛ СТАНЦИЯСЫ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ БІРЛІГІ МЕН ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІБІНІҢ АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ. МАНЕВР ДИСПЕТЧЕРІНЕН БАСТАП ЖҮК ҚАБЫЛДАП-ТАПСЫРУШЫҒА ДЕЙІНГІ ӘР ҚЫЗМЕТКЕР ӨЗ ІСІНІҢ МАҢЫЗЫН ТЕРЕҢ СЕЗІНЕДІ. БІЗДІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН КҮШ – ЖАУАПКЕРШІЛІК, СЕНІМ ЖӘНЕ ОРТАҚ МАҚСАТ. СЕКСЕУІЛ СТАНЦИЯСЫ ӘРДАЙЫМ ӨНДІРІСТІК ТИІМДІЛІК ПЕН ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БІРІНШІ ОРЫНҒА ҚОЯ ОТЫРЫП, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІ АБЫРОЙ САНАЙДЫ»**

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

**11 млн**

ТОННА АСТЫҚ ЭКСПОРТТАЛҒАН.

2025 ЖЫЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ТЕМІР ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРҒА

**80 мың**

ОҚУШЫ ҚАТЫСҚАН.

БЫЛТЫР ҚТЖ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК КӨЛЕМІ

**320 млн**

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

## РЕКОНСТРУКЦИЯ ВЫХОДИТ НА ФИНИШНУЮ ПРЯМУЮ

**Работы по реконструкции новой части железнодорожного вокзала Астана-1 выходят на финишную прямую. Завершение строительно-монтажных работ и ввод объекта в эксплуатацию намечены на конец октября текущего года. Ход реализации проекта в ходе рабочей поездки проинспектировал вице-министр транспорта Республики Казахстан Жанибек Тайжанов.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Осмотр объекта вице-министр провел совместно с представителями акимата города Астаны, АО «НК «ҚТЖ» и РГП на ПХВ «Казреставрация». Основное внимание было сосредоточено на новой части вокзального комплекса, где сегодня выполняется основной объем строительно-монтажных работ.

В рамках реконструкции общая площадь вокзала увеличится с 7 827 до 8 409 квадратных метров. Проект предусматривает внедрение современных инженерных и цифровых решений, использование новых строительных технологий, а также обновление планировочных решений с учетом увеличения пассажиропотока, требований безопасности и комфорта.

Особое внимание в ходе визита было уделено старой части вокзала Астана-1, которая на период реконструкции новой части продолжает обслуживать пассажиров. В действующем здании организованы комфортные залы ожидания с современными креслами, в том числе с функцией массажа, работают объекты общественного питания, санитарно-бытовые помещения и другие сервисные зоны.

Отмечено, что старая часть вокзала является объектом историко-культурного наследия. Работы по ее реконструкции будет выполнять РГП на ПХВ «Казреставрация» с соблюдением всех требований законодательства в сфере охраны памятников истории и культуры. В настоящее время в здании ведутся подготовительные мероприятия, направленные на последующую реставрацию и адаптацию объекта к современным условиям эксплуатации при сохранении его исторического облика.

По итогам осмотра вице-министр дал ряд конкретных поручений АО «НК «ҚТЖ» и подрядной организации, касающихся строгого соблюдения сроков, эффективной координации действий всех участников проекта и своевременного завершения строительно-монтажных работ. Завершить СМР по новой части вокзального комплекса планируется до конца октября текущего года.

## ӨНДІРІСТЕ – ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

**«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы соңғы жылдарда еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасын арттыру бағытында заманауи технологиялар мен сандық жүйелерді қарқынды енгізуде. Инновациялық жобалар өндіріс көрсеткіштеріне оң әсерін тигізіп отыр.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

Мәселен, ақауларды 87 күн бұрын болжап, жөндеуді жоспарлау жылдамдығын екі есе арттыра алатын «Смарт-диагностика» жүйесі 22 000 км теміржол желісін қамтитын болса, 3 000 км магистраль бірден жеті негізгі бағыт бойынша өткізу қабілетін арттыруға бағытталған автоматтандыру жобаларымен қамтылған.

Жылына екі миллиард теңге – мұндай үнемдеу вагон паркін басқару, бос жүрісті қысқарту және активтерді пайдалану тиімділігін арттыру бойынша бірыңғай цифрлық платформаны іске қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ҚТЖ-да Wabtec-тен Kinetix инновациялық жүйесі енгізілуде, ол вагондарды қозғалыста тоқтаусыз, уақытты жоғалтпай және барынша дәлдікпен диагностикалауды қамтамасыз етеді.

Өткен жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарын 13 миллионнан астам жолаушы пайдаланған, бұл – компания жұмысының тиімділігі мен сенім деңгейінің артқанының белгісі. Соңғы он жыл ішінде жолаушылар вагон паркінің 60% жаңарғаны байқалады. Ал 2030 жылға қарай вагондардың орташа жасы 10 жылға дейін қысқарады деп күтілуде.



Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасы шеңберінде Магистральдық желі дирекциясы бойынша 2029 жылға дейін 11 000 км жолды жөндеу көзделген. 2023 жылдан бастап 4 448 км жол жөнделіп, бұл бағдарламада көзделген көлемнің 40%-ын құраған.

2025 жылы қолданыстағы учаскелердің 3000 шақырымында автоблоктауды жаңғырту және енгізу бойынша бір мезгілде жеті жобаны іске асыру басталды. Мәселен, Қызылжар – Сексеуіл учаскесін жаңғырту шеңберінде 2025 жылғы 25 желтоқсанда Қызылжар – Жезқазған поезд-учаскесінде автоблоктау жүйесін енгізудің алғашқы іске қосу кешені және басқару жүйесін микропроцессорлық орталықтандырумен төрт жаңа бөлек пункт салу бойынша жұмыстар аяқталды. Бұл Қызылжар – Жезқазған пойыз учаскесінде өткізу қабілетін 8-ден 14 жұп жүк пойызына дейін арттыруға мүмкіндік берді. Цифрлық автоблоктау бір аралықта пойыздардың жиілігі мен санының артуымен пойыздардың қозғалысын аралық басқаруды қамтамасыз етті.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ТАСЫМАЛ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

**2025-2026 жылдардағы жылыту маусымының басынан бастап, яғни мамырдан күні бүгінге дейін ҚТЖ желісі бойынша республика ішінде 54,3 млн тоннадан астам көмір тасымалданды.**

Бұл өткен жылыту маусымының ұқсас кезеңі көрсеткіштерінен 2,6 млн тоннаға артық. Оның ішінде жылу электр орталықтарына 49 млн тонна көмір тасымалданды, бұл өткен маусыммен салыстырғанда 3,2 млн тоннаға артық. Коммуналдық-тұрмыстық секторға теміржол көлігімен 5,3 млн тонна көмір жеткізілді. Мемлекеттік органдардың ақпараты бойынша, мамырдан 19 қаңтарға дейін өсіп келе жатқан қажеттілік жоспары 5,4 млн тонна қатты отынды құрады, бұл ретте 7,2 млн тонна, яғни жоспарлы қажеттіліктен 34% артық дайындалды. Көмір операторлары қоймаларында коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған шамамен 435 мың тонна көмір жинақталған.

Энергетика министрлігінің алаңында ҚТЖ, жергілікті атқарушы органдар мен көмір өндіруші кәсіпорындар өкілдерінің қатысуымен көмір тасымалдауды үйлестіру мақсатында Республикалық штабтың кеңесі тұрақты өткізіліп тұрады. Жалпы, жылжымалы құраммен көмір тасымалдауды қамтамасыз ету және шарттық жеткізілімдерді орындау мәселелері әкімдіктер тарапынан да, көмір разрездері тарапынан да туындамауда. Энергия кәсіпорындарына және ел тұрғындарын қамтамасыз ету үшін көмір тасымалдау ерекше бақылауда. ҚТЖ жедел штабының жұмысы тұрақты режимде жүзеге асырылады.

*Ұлан ОРАЗ*

rail-news.kz
№5 (3152) 23/01/2026

## ОҢ НӘТИЖЕЛЕР ТІРКЕЛГЕН

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

ТАСЫМАЛ

**ҚТЖ өткен жылдың қорытындысы бойынша 319,8 миллион тонна жүк тасымалын қамтамасыз еткен. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,5%-ға артық.**

Бұл өсім ішкі тасымалдарда +2,7%, импортта +2,5%, транзитте +20% құрап, әсіресе экспорттың +7,1% өсімі оң динамиканы байқатты. Ал 13,9 миллион тонна астық және 105,8 миллион тонна көмір номенклатура бойынша негізгі рекордтар болып табылады.

Мұнай өнімдері, құрылыс материалдары және химиялық өнімдер бойынша да айтарлықтай өсім тіркелген. Қазақстандық астықты жеткізу географиясы Орталық Азияны, Иранды, Ауғанстанды және Ресейді қамтып отыр. Былтыр 29,3 миллион тоннадан астам жүк, Өзбекстан бағытында, тиісінше Орталық Азияның басқа елдеріне, атап айтқанда Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстанға жөнелтіліп, өткізу қабілеті осы деңгейге дейін ұлғайтылды. Бұл қазақстандық астық экспортын 5,6 миллион тоннаға немесе 21%-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан темір жолы транзиттік әлеуетін одан ары қарай арттыру үшін Дарбаза – Мақтаарал жаңа желісінің құрылысы уақытылы бастағаны белгілі. Көрші Қытай еліне тасымалдың да жылдан жылға артып отырған жайы бар. 2025 жылдың қорытындысы – 35,4 миллион тонна. Бұл да алдыңғы жыл көрсеткішінен 10,5%-ға артық. Тұрақты өсім бірден екі негізгі өткел – Достық және Алтынкөл бойынша тіркелген.

## СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

СЕРВИС

**Ұлттық тасымалдаушы пойыздарында әйелдерге арналған вагондар қызметі іске қосылғаннан бері оны 822 мыңнан астам әйел жолаушы пайдаланған.**

Бұл дерек аталған сервистің өзектілігін және теміржол көлігін қолайлы қатынас құралы ретінде таңдайтын әйелдер арасында жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта 12 бағытқа қатынайтын жолаушы пойыздарында әйелдер вагондары бар. Яғни ол вагондарға билеттер тек әйел жолаушыларға сатылады. Сонымен қатар бұл вагондарда әйел жолсеріктер ғана қызмет көрсетеді. Әйел жолаушылармен бірге жеті жасқа дейінгі ер балалардың жол жүруіне рұқсат етіледі. Әйелдер вагонына билет вокзал кассаларында немесе bilet.railways.kz ресми сайты арқылы онлайн түрде рәсімделеді. Онлайн сатып алу кезінде билетте көрсетілген «ЖН» белгісіне назар аудару қажет – бұл таңдалған орынның әйелдер вагонында екенін білдіреді. Билеттерді сату пойыздың жөнелтілуіне 45 күн қалғанда ашылады, бұл жолаушыларға сапарын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

## КӨЛІК КЕПТЕЛІСІН АЗАЙТТЫ

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**
Шымкент

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Үшінші мегаполис Шымкент қаласында көлік, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.**



Мысалы, жуырда қаладағы маңызды нысандардың бірі – Момынов көшесіндегі теміржол өткелі техникалық тұрғыда ашылып, жүргізушілер үшін қолайлы жағдай жасалды. Сала мамандары бұл жоба көлік ағынын реттеуге және кептелісті азайтуға айтарлықтай ықпал ететінін айтады. Теміржолшылар арасында бұл жер «3 294 шақырымның 9-пикетіндегі күзетпелі бақылау бекеті» ретінде белгілі. Сондықтан да бұл ресми құжаттарда Момынов көшесіндегі өткел I санатқа жатады. Өйткені бұл нысан Шымкент қаласы мен халқы тығыз орналасқан Сайрам ауданын байланыстыратын негізгі бағыт саналады. Мұнда тәулігіне 12 мыңнан астам автокөлік пен түрлі санаттағы 60-қа жуық пойыз өтеді.

Қозғалыс қарқыны жоғары аумақты ескере отырып, жергілікті билік 2024 жылы бұл маңға көпір салу жөнінде шешім қабылдаған. Жобаны «Береке-А» құрылыс корпорациясы жүзеге асыруда. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың екінші жартысында басталып, алдымен инженерлік-коммуникациялық желілерді реттеу жүргізілген. Нәтижесінде 2-3 ай ішінде негізгі жоспар толық орындалды.

Бұған дейін жүргізушілер әр 20 минут сайын теміржол өткелінде кептелісте тұруға мәжбүр болса, енді ұзындығы 132 метр болатын жаңа өткел арқылы үздіксіз қозғалыс қамтамасыз етілді. Көпір қаланың шығыс бөлігін орталық аудандармен байланыстырып, жолға кететін уақытты айтарлықтай қысқартады.

Мердігер компания өкілдері алдағы уақытта өткелге іргелес аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, түнгі уақытта көрінуді арттыру үшін заманауи жарық шамдары орнатылатынын айтты. Ал құрылыс толық аяқталған соң нысанға 50 жылдық кепілдік беріледі. Жалпы жұмыстар 2026 жылдың мамыр айында толық тәмамдалады.

*Суретті түсірген автор*

# АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС – ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

**Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде «Азаматтық қорғаныстың оң имиджін қалыптастыру және арттыру» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Бас инженер Дүйсенбек Сыдықов модераторлық еткен жиынға жүк тасымалы мен магистральдық желі бөлімшелерінің бас инженерлері, азаматтық қорғаныс саласының жауапты мамандары қатысты.**

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



Азаматтық қорғаныс мәселесі маусымдық жұмыс емес. Бақылауды босаңсытпай, күнделікті қадағалауды қажет етеді. Сондықтан ұлттық компанияның қос филиалының басшылары осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізілуін назарда ұстап, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-шаралардың қызметін үйлестіріп отырады. Бұл бағытта атқарылатын жұмыстар ең алдымен сала мамандарының орнықты қызметін қамтамасыз етуге бағытталатынын атап өткен Дүйсенбек Тұрсынбайұлы: «Азаматтық қорғаныс іс-шаралары алдын ала жоспарланады. Бейбіт уақыттағы және төтенше жағдайларға қарай екіге бөлінеді. Бұған мекеме басшылары тікелей жауапты», – деп түсіндірді жалпы жұмыс жүйесін.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Дастан Садықов төтенше жағдайлар кезінде теміржолшыға жүктелер жауапкершілік жоғары екеніне тоқталды.

– Әрбір теміржолшы, әрбір маман төтенше жағдай туындаған кездегі іс-қимылдар алгоритмін білуі тиіс. Кейбір апаттар кезінде темір жол құтқару қызметін атқарады. Ал салалық құрылымдар мамандары құтқарушы ретінде жұмылдырылады. Бұдан бөлек мекемелер ішіндегі қызметкерлер қорғану тәсілдерін меңгерумен қатар, эвакуациялық іс-шараларды жүргізуге дайын болуы керек. Дайындықтың мұндай деңгейі тосын факторларды азайтып, болдырмауы мүмкін, – дейді Дастан Ербайұлы.

Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау және жоспарлауда командалық әрекеттер тиімді саналатыны белгілі. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі филиалының азаматтық қорғаныс жөніндегі жетекші инженері Қайрат Ахаев өз баяндамасында бұл тәсіл басшылар мен мамандарға бірлескен жоспарды кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік беретініне тоқталды. Оқу-жаттығулар кезінде топтық жұмысты дұрыс ұйымдастырудың апат туындаған жағдайды жоспар бойынша әрекет етуге тигізер пайдасы көп екенін атап өтті.

– Төтенше жағдай туындағанда нақты жағдайға сай, уақыт факторының ерекше маңыздылығына байланысты құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізуге қатысатын барлық адамдардың іс-әрекеттерін нақты үйлестіру қажет болатыны түсінікті. Ал мұндай деңгейдегі дайындыққа оқу-жаттығулар өткізу арқылы қол жеткізе аламыз. Бұл іс-шаралардың барлығы Ішкі істер министрлігінің 2020 жылғы №494 бұйрығының негізінде азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар желісі бойынша жүргізіледі. Біз жыл сайын кәсіпорындарда, станцияларда осындай дайындық іс-шараларын өткізіп тұрамыз. Азаматтық қорғаныстың ұйымдастыру, инженерлік-техникалық іс-шараларды уақытылы орындауы төтенше жағдайлар кезінде құрылымдық бөлімшелер мен станциялардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және зақым келтіруі мүмкін факторлардың әсерін азайтуы мүмкін, – деді Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша I санатты инженері Аман Беспаев.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әрбір жоспарлы жұмыс жүйелі жүргізілуі қажет. Мамандар азаматтық қорғаныстың оң имиджін қалыптастыру – теміржол саласының үздіксіз әрі тиімді жұмыс істеуінің басты шарты екенін алға тартты. Сол себепті өңірлік бөлімшелер жауапты қызметкерлерді азаматтық қорғаудың республикалық оқу-әдістемелік орталықтарына жіберіп, біліктілікті арттыру курстарынан өтуін қамтамасыз етіп отырады.

*Суретті түсірген автор*

# ЖҮК КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

**Жүк көлемі мол болса, станциялардың ширата жұмыс жасауға қауқары мол. Десек те, тасымал көлемі станциялардың пойыз өткізу қабілеті мен жұмыс тәсіліне де байланысты екені дау тудырмаса керек.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Атыраудың Ақжайық станциясы өткен жылда жүк тасымалы жоспарын орындап, бар мүмкіндігімен жұмыс істеді. Станцияның 7 қабылдап-жөнелту, 3 тұрақтау жолы бар. Маневр жұмыстары станция ішінде жасалып, екі маневрлік тепловоз күшімен атқарылуда. Станциядан күніне 2-3 пойыз, 100-150 вагон қабылдап-жөнелтіледі, жолдары қысқа, дөңесі жоқ станция үшін бұл аз емес, әсіресе жүк тиеу мен түсіру көлемі артқан кезде қиын. Жалпы, қалаға келетін жалпы жүктің 60 пайызы Ақжайыққа тиесілі. Былтыр барлығы 21 779 пойыз, 51 634 вагон қабылданыпты.

Станция бастығы Бағытжан Абдрахмановтың айтуынша, өткен жылы жоспар межеден көріне алды. Мәселен, вагон айналымы 138,2 %-ға орындалды. Орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспарда 3 вагон болса, ол 64 вагон болып артығымен орындалған. Тоннамен есептегенде станция арқылы тәулігіне 38916 тонна жүк тиеліп, жоспар 107 пайызды құрапты. Өңірдегі мұнай компанияларының тоқтаусыз жұмыс жасауы тасымал көлеміне оң әсер етіп тұр.

Ал жүк түсіру тәулігіне 49 вагон болса, ол 58 вагон болып, 118,4 пайызға, ал жүк тиеу 12 айда 719 вагон болып, 100 пайызға жетті. Атырау аймағында «Ақтөбе-Атырау-Астрахань», «Миялы-Қарабау-Индер» тас жолдары құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруі де жүк көлемі мен салмағының артуына ықпал еткені рас. Жергілікті вагонның бір жүк операциясына тұруы да 106,7 пайызды құрап, жоғары көрсеткішті көрсетті.

Басқа станциялар сияқты мұнда тек мұнаймен ғана жұмыс жасамайды, цистерналарға бензин, мазут, реактивті отын құйылады, еліміздегі ауыл шаруашылығы мекемелеріне тапсырыс бойынша дизель отыны жіберіледі.

– Ақжайық станциясына қарасты жүк түсіріп-тиейтін 60 кірме жол бар, солардың нақты қолданыстағысы – 50.

Олар қаланың әр түкпірінде орналасқан. Соған сай әркім өзіне қолайлы деген кірме жолдан қажетті жүктерін түсіріп ала алады. Міне, осы кірме жолдарда түсіріліп жатқан жүк көлемі де айтарлықтай. Жалпы, жүк тасымалы көлемі артып келеді деп болжап отырмыз, – дейді станция бастығы.

*Суретті түсірген автор*

# САПАҒА КЕПІЛДІК БАР

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Қызылорда жол дистанциясының жолшылары Белкөл станциясының оңтүстік алқымында бар болғаны үш сағатқа созылған толаскез өткізді. Рамалық рельсті ауыстырып, пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін тағы бір мәрте күшейткен жол жөндеушілер қаңтардың аязды күнін елең қылмастан жұмыс істеді.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Күн әдеттегіден аязды әрі жел қарыған ызғарлы еді. Белкөл станциясының оңтүстік алқымында сары жилет киген жолшылар таңертеңгі онға белгіленген толаскезге дайындық қамымен бір сағат ерте жиналып, қарбалас тірлікке көшкен. Бүгін мұнда жаңа рамалық рельсті үшкірі және артындағы жалғағыш рельстерімен қоса ауыстыру жұмысы атқарылмақ. Уақыт шектеулі, бар болғаны 3 сағат. Пойыздар кестесіне кедергі келмейтін сәтті тиімді ойластырған бөлімше басшылығы мен құзырлы органдардың мұрсатымен сағат 10:00-ден 13:00-ге дейінгі аралықта телімнің белгіленген жолы толық жабылды. Станцияның ДУ-46 журналына жазба енгізіліп, станция кезекшісінің хабарлауымен «толаскез басталды» деген пәрмен берілгеннен барлық жұмыс рет-ретімен, шапшаң атқарыла бастады.

Толаскез басталысымен рельс бекітпелерін бұрап босатып алып жатқан жолшылар санаулы сәтте өз орындарын тапты, босатылған рельс орнына жаңа отандық өнім салына бастады. Бірі гайкалы бұрағышпен бұрандаларды бар күшімен тартып, енді бірі күрекпен балласты қиыршық тасты нормасына келтіруде, енді бірі рельс бекіткіш құралмен қалып-раманың және бекітпелердің беріктігін мұқият тексеріп жатыр. Барлығы бір ырғақта, бір мақсатта, бір тәртіппен қимылдап, бірін бірі толықтыруда.

Бұл жұмыс ауыр техниканың көмегінсіз, толықтай қол күшімен орындалады. Рамалық рельс, оның қалыбы, жалғағыш тетіктері мен өзге де элементтері салмақты. Әр бөлшек болаттай мықты, ал оны орнату асқан төзімділік пен тәжірибені талап етеді.

Толаскезге телім басшысы Рүстем Досымов пен жол шебері Серік Жұмағұлов басшылық жасап, 12 жолшы жұмылдырылған. Олар топ-топқа бөлініп, әр топ өздеріне белгіленген жұмыстарды атқарып шықты. Жол бригадирі Қалдыбек Әділов тобындағы жол жөндеушілер Кенжехан Дайрабаев, Болат Бойданов және Абдулла Маханбетқали толаскездің әр минутын тиімді пайдалануға тырысты.

Бұл – сырттай қарағанда жолшылардың күнделікті жоспарлы жұмысы. Алайда мұндай жұмыстар аса жоғары жауапкершілікпен, қатаң бақылаумен, техникалық регламентті мүлтіксіз сақтай отырып атқарылатынын теміржолшылар жақсы біледі. Бұған дейін осында №5 бағыттамалық бұрма ауыстырылса, бүгін міне рамалық рельс жаңартылуда. Бұл – жол табанының сенімділігі мен пойыз қозғалысының қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан жүйелі жұмыс. Ең бастысы жолшылар сапаға кепілдік береді.

Қызылорда жол дистанциясының бас инженері Ахметқали Елеусіновтің айтуынша, атқарылып жатқан жұмыстар бекітілген жоспарға сәйкес келеді. Жол табанын күтіп ұстау – жолшылар үшін маусымдық емес, жыл он екі ай тоқтамайтын үздіксіз еңбек.

*Суретті түсірген автор*

№5 (3152) 23/01/2026

# НОВОЕ СЛОВО В ДИАГНОСТИКЕ

ТЕХНОЛОГИИ

**Более 1 500 дефектных рельсов выявлено в 2025 году новыми мобильными диагностическими лабораториями (МДЛ) на сети АО «НК «ҚТЖ».**



**Любовь РОВБА,**
Астана

Дефектоскопический комплекс «Мобильная диагностическая лаборатория с ультразвуковой колесной искательной системой» произведен в Казахстане специально для ҚТЖ. Это автомобиль-дефектоскоп, который передвигается как по автодорогам, так и по рельсам, сочетая в себе мобильность и современные технологии диагностики. Другими словами, УЗИ на колесах.

Техзадание разработано специалистами филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути». Автомобили собирали на заводе «СемАЗ» в городе Семее.

– Мы приглашали науку, проводили испытания, приезжали специалисты высших профильных учебных заведений Казахстана и России, которые дали рекомендацию, что эта технология для нас приемлема, – рассказал заместитель директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центр диагностики пути» Руслан Альжанов.

МДЛ может обнаружить различные дефекты рельсов – трещины и повреждения, обеспечивает качественный контроль болтовых стыков, мест с локальными неровностями рельсового пути, имеет возможность расположения преобразователей по ширине головки рельса, а современное программное обеспечение и наличие локальной сети позволяют оперативно расшифровывать и документировать результаты контроля.

В 2024 году АО «НК «ҚТЖ» приобрело восемь новых мобильных диагностических лабораторий. Первые испытания успешно прошли на базе Илецкого железнодорожного участка. С октября 2024 года начата подконтрольная эксплуатация. Каждую единицу обкатывали на малодеятельном участке Кокшетау-2 – Кызылту с временным штатом, укомплектованным из числа работников цехов дефектоскопии и мобильных диагностических комплексов (МДК). Параллельно велась работа по получению патента на эту технологию. Соответствующий сертификат выдан летом 2025 года. Штат к этому моменту был полностью сформирован.

– Техника сложная, дорогостоящая, работа очень ответственная, связанная с безопасностью движения. Нужно выявить дефекты на ранней стадии и вовремя принять меры. Поэтому для МДЛ мы выбрали лучших из лучших в разных регионах страны, – говорит Руслан Альжанов.

Стоит отметить, что в сложных климатических условиях – сильный мороз, снег, ветер, буран, гололедица, на бездорожье и даже рельсах весьма низкого качества (с коррозией и т.д.) МДЛ зарекомендовали себя хорошо, и анализ дефектограммы показал, что дефекты уверенно выявляются.

**УЛЬТРАЗВУКОВОЙ КОНТРОЛЬ НА КОЛЕСАХ**

До приобретения МДЛ средства ультразвуковой дефектоскопии рельсов, эксплуатируемые на сети ҚТЖ, были оборудованы исключительно системами скольжения (контактной лыжей). Это эффективный метод диагностики, однако наличие множества болтовых стыков обусловило поиск альтернативной искательной системы, которая менее подвержена износу на стыковых зазорах и обеспечивает надежный акустический контакт на концах рельсов.

– На искательной лыже расположены пьезоэлементы: ультразвук проходит через рельс, распространяется по профилю и отражается. Однако, если на стыках образуется «ступенька», лыжа подпрыгивает, и ультразвук теряется. К тому же ее может развернуть или деформировать на неровностях. В то время как в колесной системе силиконовая оболочка и контактирующая жидкость обеспечивают постоянный контакт, – поясняет Руслан Альжанов.

Ультразвуковые преобразователи в системе качения смонтированы неподвижно на оси колеса. Благодаря своей эластичности оболочка плотно прилегает к поверхности катания рельса даже при значительном износе головки или наличии неровностей, что позволяет обеспечивать стабильный акустический контакт между колесом и рельсом на высокой скорости сканирования.

Но есть и нюансы – при сильных оборотах в колесе может возникнуть эффект центрифуги, из-за чего иммерсионная жидкость начнет вспениваться, создавая помехи при диагностике. В МДЛ проблема решена с помощью системы, которая не позволяет колесу сильно раскрутиться.



> ДЕФЕКТОСКОПИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС «МОБИЛЬНАЯ ДИАГНОСТИЧЕСКАЯ ЛАБОРАТОРИЯ С УЛЬТРАЗВУКОВОЙ КОЛЕСНОЙ ИСКАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМОЙ» ПРОИЗВЕДЕН В КАЗАХСТАНЕ СПЕЦИАЛЬНО ДЛЯ ҚТЖ. ЭТО АВТОМОБИЛЬ-ДЕФЕКТОСКОП, КОТОРЫЙ ПЕРЕДВИГАЕТСЯ КАК ПО АВТОДОРОГАМ, ТАК И ПО РЕЛЬСАМ, СОЧЕТАЯ В СЕБЕ МОБИЛЬНОСТЬ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ДИАГНОСТИКИ.

**ДОКАЗАННАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ**

МДЛ сегодня частично выполняют функции цеха дефектоскопии. Часть работников цеха была переведена в мобильные лаборатории, операторы дефектоскопных тележек остались в минимальном составе – для вторичного осмотра. Выросла и скорость диагностики: если с помощью тележки в час проверяется до 5 километров, то благодаря МДЛ – до 40. Мобильность позволяет им выехать в самые отдаленные уголки Казахстана.

